

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Президенті _____ У.С.Абдибеков
«___» _____ 201__ ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-051-2014

**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ
БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӘЗІРЛЕУ ЕРЕЖЕСІ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен, сырттай және қашықтан оқыту орталығымен
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Департамент директоры Н.Орманов
Орталық директоры Э.Альжанова
Мультимедия лабораториясы сектор меңгерушісі
Н.Солбеков
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент
Б.Б.Ахметов
– Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының
бастығы Е.Шахабаев
Құқық және экономикалық қадағалау департаментінің
директоры А.Абсеметов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2014
5. Тексеру мерзімі – 2016

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2014

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-051-2014</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ахмет Ясауи университетінде электрондық оқу басылымдарының әзірлеу ережесі		10 беттің 2 –ші беті

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жалпы ережелер	4
5	Электрондық оқу басылымына қойылатын жалпы талаптар	4
6	Электронды оқу басылымдарының құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар	5
7	Электронды оқу басылымдарының функцияларына қойылатын талаптар	7
8	Электронды оқу басылымдарын әзірлеу реті	7
9	Жауапкершілік және өкілеттілік	9
10	Келісу, сақтау және тарату	9
11	Танысу парағы	10

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-051-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ахмет Ясауи университетінде электрондық оқу басылымдарының әзірлеу ережесі		10 беттің 3 –ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) электрондық оқу басылымдарының әзірленуіне және мазмұнына қойылатын жалпы талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл ереже университетте электрондық оқу басылымдарының әзірленуіне және мазмұнына қойылатын жалпы талаптарды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университет ережесі, электрондық оқу басылымдарының әзірленуіне және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар оқу-әдістемелік құралдардың электрондық нұсқасын әзірлеуге міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ-ХҚТУ-051-2014 ережесі университет СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
- «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы.
- «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысы;
- ҚР СТ 34.017-2005 Ақпараттық технологиялар. Электрондық басылым. Электрондық оқу басылымы;
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттамады басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару;

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы жұмыс нұсқауында төмендегі қысқартулар қолданылады:

- Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
- ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
- УЕ – университет ережесі;
- ЭОБ – электронды оқу басылымы;
- Департамент – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент;
- АРСБ – Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасы;
- ӘБ – Әдістемелік бөлім;
- СБҚ – Сандық білім беру қоры;
- ОВЛЖ – Оқу видео-лекциялар жиынтығы;
- ВЛК – Виртуалды лабораториялық кешен;
- ЭК – Электрондық кітап;
- РБК – редакциялық-баспа кеңесі.

3.2 Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде электронды оқу басылымдарын әзірлеу ережесі;

Сандық білім беру қоры (СБҚ) - сандық формада сақталып берілетін, оқу үдерісінде пайдаланылатын сандық ақпараттық нысан құрамына енетін ақпараттық білім беру қоры. Атқару ерекшеліктері бойынша СБҚ:

- *танымдық* (негізінен теориялық материалды меңгеруге арналған: білім беру аудио және видео-лекциялар, кітаптың сандық сипаттамасы, т.б.),

<i>Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-051-2014</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ахмет Ясауи университетінде электрондық оқу басылымдарының әзірлеу ережесі		10 беттің 4 –ші беті

- *көрнекі-танымдық* (материалды модельдеу және көрнекілік арқылы меңгеруге арналған: виртуалды лабораториялар, лабораториялық приборларды алмастыратын тренажерлар, т.б.),

- *бақылаушы* (өтілген материалды бекіту және білімін тексеруге арналған; тестілеу формалары, есептер мен жаттығуларды шешуге арналған формалар) болып бөлінеді.

Электрондық оқу басылымы - оқытуды және білім бақылауды автоматтандыруға арналған және оқу курсына немесе оның жеке бөлімдеріне сәйкестендірілген, сонымен қатар оқыту траекториясын анықтауға мүмкіндік беретін және әртүрлі оқу жұмыстарымен қамтамасыз ететін электрондық басылым.

Электрондық оқулық - құрамында оқу курсының немесе оның бөлімінің жүйелі мазмұны бар және берілген басылым түріне мемлекеттік мекеме беретін арнайы дәрежеге ие электрондық оқу басылымы.

Электрондық оқу құралы - құрамында оқу курсының ең маңызды бөлімдері, сонымен қатар есептер жинағы, анықтамалықтар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу тәжірибесін өткізуге нұсқаулар, практикумға, курстық және дипломдық жұмыстарды дайындауға әдістемелік нұсқаулары бар берілген басылым түріне мемлекеттік мекеме беретін арнайы дәрежеге ие электрондық оқу басылымы.

Оқу видео-лекциялар жиынтығы (ОВЛЖ) оқыту-теориялық көрнекі басылым, оқу пәнінің жекелеген тақырыптарынан (бөлімдерінен) немесе белгілі бір оқытушының көзқарасын баяндайтын оқу бағдарламасынан тыс авторлық бағыттан тұрады.

Виртуалды лабораториялық кешен (ВЛК) электронды оқу-тәжірибелік басылым, оқу пәнінің жекелеген тақырыптарынан (бөлімдерінен) лабораториялық жұмыстар, тапсырмалар мен оларды орындаудың әдістемелік нұсқаулықтарынан тұрады.

Электрондық кітап (ЭК) – электронды оқу басылымы, оқу басылымдарының толықмәтінді іздестіру мүмкіндігі бар (pdf, djvu форматындағы) сандық көшірмесі болып табылады

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 ЭОБ төмендегі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- ЭОБ оқу мақсаттарына тікелей сәйкес келмейтін, яғни, оқу курсының мазмұнына жатпайтын және пайдаланушының назарын өзіне аудартатын ақпаратты қамтымау керек.

- ЭОБ-да интерфейс көрнекті, түсінікті, біркәнді болуы мен қатар, пайдаланушы қате іс-әрекеттер жібермеуі үшін бүтін ЭОБ-ның және оның жеке бөліктерінің жұмыс істеу логикасын түсінуге көмектесетін түрде болуы керек.

5 ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ БАСЫЛЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

5.1 ЭОБ-ның объектісі ғылыми негізделген фактілер, тұжырымдар мен ережелердің, сонымен қатар берілген оқу курсына оқытылатын объектілердің, құбылыстар мен үдерістердің қатынастары мен қасиеттерінің жиынтығы болып табылатын сандық, мәтіндік, графикалық, аудио, видео және басқа оқыту ақпараты болуы керек.

5.2 ЭОБ-да оқылатын объектілер, үдерістер мен құбылыстардың құрылымын және параметрлерін беру және өзгерту үшін, сонымен қатар сыртқы әрекеттерді имитациялау үшін, имитациялық компьютерлік моделдер ыңғайлы құралдармен жабдықталуы керек. Компьютерлік моделдермен өзара-әрекет мәселелері оның көмегімен шешілетін дидактикалық тапсырмалардың мазмұнынан оқушының көңілін бөлмей, оларды меңгеру үшін интеллектуалды ынтаны елеулі азайтатындай болуы керек.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-051-2014</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ахмет Ясауи университетінде электрондық оқу басылымдарының әзірлеу ережесі		10 беттің 5 –ші беті

5.3 ЭОБ жабық та, ашық та ортада қолданылу мүмкіндігіне ие болу керек. ЭОБ жабық ортада жылжымалы ақпаратты тасушыларда орналасуы және жеке алынған компьютерде немесе локалды компьютерлік желіде орындалушы бағдарламалар сияқты жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болу керек. ЭОБ ашық ортада глобалды компьютерлік желілерде орналасады және жұмыс істеу үшін бағдарлама-браузерлерді қолданады.

5.4 ЭОБ қосымша бағдарламалық құралдарды талап етпейтін операциялық жүйенің, соның ішінде ашық кодты операциялық жүйелердің, нұсқасын ескере отырып автоматты түрде орнатуының мүмкіндігіне ие болу керек. Орнату комплектінде мемлекеттік немесе халықаралық стандарттарына сәйкес ЭОБ-ның тәуелсіз жұмысы үшін барлық қажет шрифтер, драйверлер және бағдарламалар пакеттері болуы керек.

5.5 ЭОБ қажетті өзгертулерді енгізуді оңайлату және сынақтан кейін бағдарламаның алғашқы кодын өзгертпей ЭОБ-ның мазмұнын жетілдіру мүмкіндіктері болуы керек, сонымен қатар оқу материалы мен статистикалық деректерді рұқсатсыз алуға болмайды.

6 ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Контентте ЭОБ-ның мақсаттары мен міндеттеріне қатысты және білімді қорытынды бақылау өткізуге қажет, барлық оқу материалы берілуі керек. Оқу материалы ғылыми терминологияны пайдаланып түсінікті, дәл, толық және қарама-қайшы келмейтіндей жазылуы керек.

6.2 Теориялық материал таңдап алынған оқу курсы бойынша мазмұны түсінікті, нақты, толық және қарама-қайшы болмайтын, көкейкесті ақпаратты қамтуы тиіс және бұрын өткен сабақта қабылданған білімді қайталамай өздігінен оқу, тапсырманы жасау және білімді бақылау үшін жеткілікті болуы керек.

6.2.1 Мысалдар теорияның жеке маңызды аспектерін жаттығуды орындау, есепті шешу, сұрақтарға жауаптар тағайындау және т.б. түрінде талдауды қамтамасыз етуі керек.

6.2.2 Тапсырмалардың тұжырымдамасында атқарылатын іс-әрекеттердің реті мен күтілетін нәтижеге және олардың берілу формасына қойылатын талаптарға түсініктемелер болуы керек.

6.3 Тесттік тапсырмалар мен олардың жауаптарының нұсқаларын қамтуы керек. Тесттер дұрыс жауапты таңдау кезінде қарапайым табу әдісін қолданбау үшін мағынасын түсінбей жауап беретін сұрақтарды қамтымауы керек. Білім алушы оқу материалын терең білгенде ғана дұрыс жауапты таңдап алу үшін дұрыс емес жауаптар өздерінің мазмұны бойынша дұрыс жауапқа жақын болуы керек. Тесттік тапсырмалар білім алушылардың іс-әрекеттері мен жауаптарында болатын әдеттегі қателер туралы ескертулер мен сол қателерді жібермеу және түзету туралы түсініктемелерді қамтуы мүмкін.

6.4 Тест тапсырмаларының түрлері:

6.4.1 Бір дұрыс жауап – бірнеше жауап нұсқасының тек біреуі ғана дұрыс, ол үшін автор дұрыс жауапты нақтылап көрсетуі қажет.

6.4.2 Бірнеше дұрыс жауап – бірнеше жауап нұсқасының бірнешеуі дұрыс, ол үшін автор дұрыс жауаптарды нақтылап көрсетуі қажет.

6.4.3 Дұрыс жауапты енгізу – берілген нұсқаның барлығы дұрыс болып табылады, тек тыңдаушы өз жауабын енгізген уақытта дұрыс жауапқа сәйкес келген жағдайда жауап дұрыс болып қабылданады.

6.4.4 Сәйкестік – бірнеше мағыналас/мағыналы жауаптар

6.4.5 Реттеу – тыңдаушы жауаптарды ретімен қоюы қажет.

6.4.6 Ия/Жоқ – тыңдаушы сұраққа ия немесе жоқ деп жауап беруі қажет.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-051-2014</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ахмет Ясауи университетінде электрондық оқу басылымдарының әзірлеу ережесі		10 беттің 6 –ші беті

6.4.7 Суреттегі белгілі бір аймақ – автор сұрақты бір суретпен байланыстырады, жауап ретінде белгілі бір аймақ көрсетілуі қажет.

6.4.8 Бос орын қалдыру – Автор бос орындарды қалдырып бірнеше сөйлем құрауы тиіс. Әр бос орынды сөзбен толтырған кезде оны дұрыс жауап деп қабылдауына болады.

6.4.9 Бірнеше мағыналас сұрақтар – тыңдаушы жауаптың бірнеше мағынасын жазуы қажет болады. Әр мағыналы сөзді жазған кезде оны дұрыс жауап деп қабылдауына болады.

6.5 Графика, аудио және видео оқу курсына оқытылатын объектілер, үдерістер мен құбылыстардың ең маңызды жақтары мен жағдайларын ашу және көрсету үшін қажетті қосымша дидактикалық материалдарды келтіруге арналған.

6.6 ЭОБ – оқу видео-лекция 3 негізгі кезеңнен тұрады:

1) Кіріспе бөлімінде пән бойынша тақырыптың (бөлімнің) мақсаты мен міндеттерін анықтау, оның өзге тақырыптармен немесе кәсіби дайындалатын басқа да пәндермен байланысын көрсету және оқылатын материалдың ерекшеліктерін анықтап көрсету қажет.

2) Ақпаратты толығымен қабылдау үшін ойлау қабілетінің 3 деңгейі іске қосылуы қажет. Олар: пәндік-сезімталдық (сезімдік), түсіну-логикалық және бейнелі-эмоционалдық.

3) Материалды жақсы меңгеру үшін оқу видео-лекциясын жекелеген бөлімдерге бөліп тастау қажет. Ұсынылатын материалдар интервалын пәндік-сезімталдық ойлау қабілетінен түсіну-логикалық немесе бейнелі-эмоционалдық ойлау қабілетіне көше отырып 6, 12, 24 минуттан құрылымдау тиімді.

4) Оқу видео-лекциясын жасаған кезде ауызекі сөйлеу тілімен қатар шартты тілдер де қолданылады: графикалық суреттер, математикалық, химиялық, логикалық өрнектер, сонымен қатар техникалық амалдар: компьютерлік анимация, фон жасау, ақпаратты кадр тысындағы лектордың сөзімен байланыстыру, көлемді виртуалды модельдер, ақпаратты экранда ұсыну.

5) Оқу материалының ұсынылуы біркелкі болмауы қажет.

6) Оқу видео-лекциясына әр түрлі демонстрациялық материалдар енеді (авторлық құқық сақталуы тиіс).

6.8 ЭОБ-ның контенті үш деңгейлі семантикалық оқыту бірліктеріне бөліну керек: 1 – модульдер, 2 – блоктар, 3 – сабақтар.

1) Модуль блоктан блокқа өскен сайын мағыналы байланыстары бар логикалы байланысқан блоктар тізбегінен тұратын электрондық оқу басылымындағы ірі синтактикалық, семантикалық және прагматикалық оқыту бірлігі.

2) Блок сабақтан сабаққа өскен сайын мағыналы байланыстары бар логикалы байланысқан сабақтар тізбегінен тұратын электрондық оқу басылымындағы орташа синтактикалық, семантикалық және прагматикалық оқыту бірлігі.

3) Сабақ минималды синтактикалық, семантикалық және прагматикалық оқыту бірлігі және ол бірнеше оқыту элементтерінен тұрады.

6.9 Теориялық материал таңдап алынған оқу курсы бойынша мазмұны түсінікті, нақты, толық және қарама-қайшы болмайтын, көкейкесті ақпаратты қамтуы тиіс және бұрын өткен сабақта қабылданған білімді қайталамай өздігінен оқу, тапсырманы жасау және білімді бақылау үшін жеткілікті болуы керек. Теорияда мәтіндердің астын сызу және түсін өзгерту сияқты арнаулы дидактикалық құралдарды қолдану керек.

6.10 Графика, аудио және видео оқу курсына оқытылатын объектілер, үдерістер мен құбылыстардың ең маңызды жақтары мен жағдайларын ашу және көрсету үшін қажетті қосымша дидактикалық материалдарды келтіруге арналған.

6.11 Тезаурус ЭОБ-ң пән аймағына байланысты терминдер және қысқартулар сөздігін қамту керек.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-051-2014</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ахмет Ясауи университетінде электрондық оқу басылымдарының әзірлеу ережесі		10 беттің 7 –ші беті

7 ЭОБ-НЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 ЭОБ-мен жұмыс жасау үшін келесі функциялар жүзеге асырылу керек: пайдаланушыны тіркеу; деректерді қорғау; бағыттама; мазмұн қарауды ұйымдастыру; оқыту траекториясын анықтау; оқыту және білім бақылау; тестілеу; статистикалық есеп беру.

7.2 Пайдаланушыны тіркеу функциясы ЭОБ-да пайдаланушы туралы деректерді енгізу, өзгерту және жоюды қамтамасыз ету керек.

7.3 Деректерді қорғау функциясы ЭОБ-ң мазмұны мен тестілеу нәтижелерінің бүтіндігін сақтау керек, сондай-ақ, белгілі бір деректерге рұқсатты алу және басқа деректерге шектеулі рұқсат алу үшін пайдаланушыларды авторландыру керек.

7.4 Бағыттама функциясы ЭОБ-ң құрылымы бойынша қозғалу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

7.5 Мазмұн қарауды ұйымдастыру функциясы Тапсырмалар орындауды, сұрақтарға жауап беруді және білім бақылауды талап етпей, ЭОБ-ның мазмұнымен алдын ала танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

7.6 Оқыту траекториясын анықтау функциясы міндетті оқытуды және білім бақылауды өткізу үшін сабақтардың тізбегін қолмен, тестілік немесе толық таңдау негізінде құру мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

1) Қолмен таңдау ЭОБ-ның мазмұнындағы модулдердің, блоктардың және сабақтардың нөмірлерін белгілеу арқылы оқыту траекториясына қолмен енгізуге мүмкіндік беру керек.

2) Тестілік таңдау ЭОБ-дағы оқу материалының барлық көлемі бойынша тестілеу кезінде дұрыс жауаптың саны жеткілікті емес болған модулдер, блоктар мен сабақтарды оқыту траекториясына автоматты түрде енгізуге мүмкіндік беру керек.

3) Толық таңдау автоматты түрде ЭОБ-ң барлық модулдерін, блоктарын және сабақтарын оқыту траекториясына енгізуге мүмкіндік беру керек.

7.7 Оқыту және білім бақылау функциясы теориялық материалды оқу, тапсырманың интерактивті орындалуын, қойылған сұраққа жауап беру және оқыту траекториясы көлемінде ағымдық, аралық және қорытынды бақылаулар өту мүмкіндіктерін қамтамасыз ету керек. Осы жағдайда сұрақтардың дұрыс жауаптар саны жеткіліксіз болса, оқушы ЭОБ-ғы ағымды оқыту бірлігін қайталауға мәжбүр болады. Оқыту имитациялық компьютерлік моделдеу функциясын қосуы мүмкін. Оқыту үзілген және үзіліс болған жерден жалғасуы мүмкін.

7.8 Тестілеу функциясы тұтас ЭОБ бойынша тесті өту уақытын өзгерте алатын және нәтижелерді тіркеу мүмкіндіктері бар автоматты тестілеу құралдарын қамтамасыз ету керек. Сұрақтар мен жауаптар нұсқалары оқу курсының сұрақтар базасынан кездейсоқ таңдау арқылы беріледі. Тестілеудің нәтижесі экранға шығады. Тестілеудің қанағаттандырылмайтын нәтижесінде, жауабы дұрыс берілмеген кез келген сұраққа еркін көшу ескерілу керек.

7.9 Статистикалық есеп беру функциясы оқушының берілген оқыту бірлігін меңгеру деңгейі туралы нақты ақпаратты және ол туралы сұратылуға байланысты басқа статистикалық деректерді беру мүмкіндігіне ие болуы керек.

8 ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫН ӘЗІРЛЕУ РЕТІ

8.1 ЭОБ әзірлеу түріне байланысты кезеңдерден тұрады.

8.2 Электронды кітапты жасау келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) Электронды түрде қолжазба негізінде жасалынған электронды кітап:
 - қолжазбаны редакциялық-баспа кеңесінде (РБК) қарастырып, бекіту;

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-051-2014</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ахмет Ясауи университетінде электрондық оқу басылымдарының әзірлеу ережесі		10 беттің 8 –ші беті

- баспаханада қолжазбаны өңдеу, электронды оқу баспаларымен айналысатын құрылымдық бөлімде қолжазбаны әмбебап тасымалдау форматтарына (pdf, djvu) көшіру;
 - баспаханада дайын электронды кітапты РБҚ-мен келісілген көшірмесін жасау;
 - дайын өнімді кітапханаға өткізу.
- 2) Баспа оқу басылымдары негізінде жасалған электронды кітап:
- ғылыми кітапхананың ақпараттық технологиялар бөлімінде қолжазбаны әмбебап тасымалдау форматтарына (pdf, djvu) көшіру, сандық форматқа аудару;
 - баспаханада дайын электронды кітапты РБҚ келісілген көшірмесін жасау;
 - Дайын өнімді кітапханаға өткізу.
- 8.3 Электронды оқу құралын жасау келесі кезеңдерден тұрады:
- 1) ҚР БҒМ грифі бар электронды оқу құралы:
- Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесімен келісу және бекіту;
 - Баспаханада қолжазбаны өңдеу жұмыстары;
 - Электронды оқу баспаларымен айналысатын құрылымдық бөлімде қолжазба негізінде электронды оқу құралын жасау;
 - ҚР БҒМ оқулық және грифті тағайындау орталығында электронды оқу құралын сараптамадан өткізу;
 - баспаханада дайын электронды кітапты РБҚ-мен келісілген көшірмесін жасау.
 - дайын өнімді кітапханаға өткізу.
- 2) Университет грифі бар электронды оқу құралдары:
- қолжазбаны РБҚ қарастырып, бекіту;
 - баспаханада қолжазбаны өңдеу, электронды оқу баспаларымен айналысатын құрылымдық бөлімде қолжазбаны әмбебап тасымалдау форматтарына (pdf, djvu) көшіру;
 - баспаханада дайын электронды кітапты РБҚ-мен келісілген көшірмесін жасау;
 - дайын өнімді кітапханаға өткізу.
- 8.4 Электронды оқулықты жасау келесі кезеңдерден тұрады:
- қолжазбаны редакциялық-баепа кеңесінде (РБҚ) қарастырып, бекіту;
 - баспаханада қолжазбаны өңдеу;
 - электронды оқулықтарды жасау лабораториясында қолжазба негізінде электронды оқулықты жасау;
 - ҚР БҒМ оқулық және грифті тағайындау орталығында электронды оқу құралын сараптамадан өткізу;
 - баспаханада дайын электронды кітапты РБҚ келісілген көшірмесін жасау;
 - дайын өнімді кітапханаға өткізу.
- 8.5 Пән бойынша оқу видео-лекцияларын дайындау келесі кезеңдерден тұрады:
- Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінен видео-лекцияларды түсіру кеңесі берілген көшірме;
 - түсірілім және видео-лекцияларды монтаждау ұйымындағы түсірілім және монтаж жүргізу;
 - баспаханада дайын видео-лекцияларды көбейтіп, көшірмесін жасау;
 - дайын өнімді кітапханаға өткізу.
- 8.6 Виртуалды лабораториялық кешенді жасау келесі кезеңдерден тұрады:
- факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінен виртуалды лабораториялық кешенді жасау бойынша берілген көшірме;
 - виртуалды лабораториялық кешенді жасау ұйымында виртуалды лабораториялық кешенді жасау;
 - баспаханада дайын виртуалды лабораториялық кешенді көбейтіп, көшірмесін жасау;
 - дайын өнімді кітапханаға өткізу.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-051-2014</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ахмет Ясауи университетінде электрондық оқу басылымдарының әзірлеу ережесі		10 беттің 9 –ші беті

9 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

9.1 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Сырттай және қашықтан оқыту орталығының директоры, мультимедия лабораториясы қызметкерлері жауапты болып табылады.

9.2 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қадағалайды.

10 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1 Осы ережені талқылау және келісу Оқу-әдістемелік Кеңес отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді, Сенат мәжілісінде бекітіледі.

10.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі әдістемелік бөлім әдіскеріне жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

10.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын АРСБ-ға сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент

Б.Б.Ахметов

Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының бастығы

Е.Шахабаев

Құқық және экономикалық қадағалау департаментінің директоры

А.Абсеметов

